

Шымкенттік ғалымдар уран қалдығын өңдеп, оны өндірісте пайдаланудың тиімді тәсілін ойлап тапты. Олар бұл жобаларын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде өткен «ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ – 14: Жаңа жаһандық ахуалдағы Қазақстанның білім мен ғылымдағы инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда таныстырды.

Ақдениз (Түркия), М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік, Н.Э.Бауман атындағы атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық, Тамақ технологиясы (Болгария), Штутгарт Хохенхейм университеттері, Гамбург қолданбалы ғылымдардың жоғары мектебі (Германия) және Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институты (Ресей), Оңтүстік-Урал мемлекеттік университетінің интеллектуалды идеялар Еуразиялық Клубы, Ресей Одағының ғылыми және инженерлік қоғамдық ұйымының жаңартылған энергия көздері Комитетінің, сондай-ақ еліміздің ғалымдары қатысқан конференция барысында ауқымды мәселелер талқыланды. Нақтырақ айтсақ, Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет»; «Аймақтардың индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық перспективалар, экономиканы қамтамасыз етудегі кадр мәселесі»; «Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдығы, қазіргі жағдайы және болашағы»; «Білім беру әдістерін жаңарту мен жетілдіру, қазіргі тіл білімі мәселелері»; «Мәңгілік Ел» Стратегиясы контекстінде жастар тәрбиесі мен мәдениеті»; «Бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудағы спорттық сауықтыру аспектілері»; «Тарихи-мәдени және археологиялық зерттеулер, өнер және этнология мәселелері» тақырыптарында баяндамалар жасалып, пікірлер ортаға салынды.

Салтанатты жиынды ашып берген ОҚМУ-дың ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Жұмахан Мірхалықов алдымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мерекесінің маңызына тоқталып, барша қатысушыларға алғысын білдірді. «Әуезов оқулары» оқу ордамыздағы жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі шара.

Уранның қалдығына дейін тиімді ОҚМУ ғалымдары осындай тиімді тәсіл ойлап тапты



Алыс-жақын шетелден келген ғалымдар жыл сайын әр түрлі тақырыптағы ғылыми жұмыстарын ұсынып, олардың көпшілігі елімізде тәжірибеге еніп, қолданылып келеді. Осында айтылған ғалымдардың идеялары, ой тұжырымдары еліміздің индустриалды инновациялық дамуына өз үлесін қосады деген сенімдемін», - деді Ж.Мірхалықов.

Жаңа бастамаларға жол апаратын іс-шарада шымкенттік ғалымдар әлемде мұндай кейінгі екінші орынға шыққан уран өндірудің тиімді, әрі экологиялық зағалы аз тәсілін ұсынды. Техника ғылымдарының докторы Ескендір Батқаев өз әріптестерімен бірге уран қалдығын өңдеудің жаңа үлгісін ойлап тауыпты. Улы заттан арнайы қоспалардың көмегімен

алынған сұйықтық уран өндіру кезінде қолданылатын қышқылды да алмастыра алады екен. «Біз өте қарапайым жобаны ұсынып отырмыз. Бұл – кәдімгі өлі су. Қалдықтарды химиялық жолмен тазалау кезінде бөлінетін сұйықтық. Оның көмегімен жылына 2-4 тоннаға дейін уран өндіруге болады. Сұйықтықтың табиғатқа да зияны аз», - дейді М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың профессоры Ескендір Батқаев. Ғалымдар қалдықтан алынған сұйықтықтың адам ағзасына пайдасы болмаса, зияны жоқ деп отыр. Тіпті өздері ішіп те көрсетті. Тыл жобаға өңірдегі ірі уран өндіруші кәсіпорындардан сұраныс та түсіп жатыр екен. Өйткені, бүгінгі таңда уран қалдығын өңдеу әлемдегі өзекті мәселелердің бірі болып тұр,

дейді мамандар. Сондықтан, ғалымдар өздері ойлап тапқан жаңалықтарының теңдесі жоқ екеніне сенімді.

Конференцияда таныстырылған жас өнертапқыштар жасаған инновациялық жобалар да бірінен бірі ерекше. Тіпті біріншісі екіншісін қайталамайды. Ойы ұшқыр, ізденімпаз жастар жерді бұрғылау кезінде пайдаланылатын ілеспе газды көдеге жаратпақ. «Өндіріспен қатар елді мекендерді де көгілдір отынмен қамтуға болады», - дейді студенттер. «Ілеспе газдарды лагозатрда өңдеп, арнайы бөшектерде сақтап, қажет жағдайда өндірістегі электр қозғалтқыштарға пайдалануға немесе қыс мезгілінде жылу энергиясы ретінде қолдануға болады. Бірнеше бөшекте сақтап жақын маңдағы ауыл-аймақтарды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге болады», - дейді өз туындысын таныстырған Инновациялық технологиялар колледжінің студенті Бақытжан Убайдан. Халықаралық конференцияға жас ғалымдар да өздерінің ерекше туындысын алып келіпті. Өнертапқыштыққа құмар оқушылар тіпті бұзылған ойыншықтар мен жарамсыз болып қалған түрлі заттарды көдеге жаратқан. Мысалы, моторолер көшені өзі сышырып, шашылған жапырақтарды жинайды. Ал балмұздақ таяқшаларынан құрастырылған квадракөтер, биіктен бақылайты Түйтөк қоныста барлық жобалар бақылауға қуат қосқан жұмыс істейді. «Мен тірайдің бері Оңтүстік Қазақстан университетімен тығыз байланыста жұмыс істеп келемін. Болашақта газобетон шығаратын бірлескен кәсіпорын ашсақ деген жоспар да бар. Сол жерде дәл осы жасалып экономика технологиясын қолданатын боламыз», - дейді шырайлы Шымкентке Қытайдан келген жас өнертапқыш Луань Синжунь. Ғалымдар бұдан бөлек күннің жылу энергиясын пайдаланып, жұмыс істейтін қозғалтқыш жасап шығарды. Қондырғы тіпті қарапайым табиғи отынмен де жұмыс істей береді. Бұл жобаның мән-жайын ОҚМУ-дың профессоры Батырбек Арапов айтып берді: «Бұл күннің көзімен де жұмыс істейді. Жылумен де, көмірмен де, ағашпен де, тезекпен де жанады. «Жигулик» қойып алсаңыз, ағаш тастап, жүрегіңіз кете бересіз. Өте тиімді және қолжетімді әрі экологиялық таза өнім.

Конференция секцияларының жұмыстары «ӘКСНО-2017» Халықаралық көрмесі форматын-

дағы жаңартылған энергетиканың келешек бағыттарын жетілдірудің, құрылысты, химиялық технологияларды, мұнай-химияны, био- және нанотехнологияларды, жеңіл және тамақ өнеркәсібі мен агроөнеркәсіп кешенін, өндірісті автоматтандыру және IT-технологияларды дамытудың инновациялық бағыттары бойынша жүргізілгенін айта кетейік. EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны белгілі. Қалай дегенде де, EXPO сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне лаш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Әлем көз тігіп отырған көрмеге біздің мамандар өздерін кірісіп кеткенін байқауға болады.

Жоба таныстырылымынан кейін қонақтар оқу ордасында қойылған арнайы көрмені тамашалады. Онда алғаш рет Ұлы Жібек жолының сауда-экономикалық негізгі орталықтарының бірі болып табылатын Отырар алқабындағы Желгі Қанды мемлекеті дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің (Бесінші-төбе, Пышақшөгітөбе, қалашықтары және Алтынтөбе қорымы) жетігерлері және Қазақстан-Ресей мұрағат қорынан алынған XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының жаңа күпия құжаттары қойылды.

Жетіс жолының тарихы бар білім ордасында жыл сайын өтетін «Әуезов оқулары» деген атпен бүгінде шетелге танылған үлкен жиынға бұл жолы әлемдегі белгілі оннан астам жоғары оқу орындары серіктес болды. Халықаралық сипат алған шара әр жылы түрлі тақырыптарға арналып отырады. Сондай-ақ, көптеген жобалардың тұсауын кесіп, оның тәжірибе жүзінде қолданысқа енуіне септігін тигізіп отыр. Бұл жолы конференцияға 927-ден астам мақала түскен. Нақтырақ айтқанда оның 546-сы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен. Конференция еңбектерінің іріктелініп алынған мақалаларды Proceeding Conference SCOPUS мәліметтер базасына енгізу жоспарлануда.

Жергілікті ғалымдардың жетістіктеріне риза болған шетелдік қонақтар Шымкентке жасаған сапары барысында Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи орындарын аралап кайтты.

Индонезияның музыкасын тыңдады

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне Индонезия Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Фостер Гултом ресми іс сапармен келді.

Фостер Гултом мырза университет ректоры Жұмахан Мірхалықовпен кездесті. Кездесу барысында Индонезияның жоғарғы оқу орындарымен арадағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктеріне болашағы талқыланды. Тараптар ғылыми-зерттеу және білім беру қызметі саласындағы ынтымақтастықты да-

мытуға және нығайтуға өз үлесін қосуға уағдаласты. Басшылықпен кездесуден кейін Қазақстандағы Индонезия Елшілігінің қолдауымен университетте концерттік бағдарлама өтті. Әсерлі кеште көрермендер Индонезия елінің ұлттық аспапта орындалған музыкасын тыңдап, билерін тамашалады. Студенттер мен оқытушылар құрамы Индонезия Республикасының мәдениеті мен ән шығармашылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды.

Бетті дайындаған Айнуір ОҢҒАРБАЙ

